Аталмыш модельдің параметрлерінің толық тізбегі жоғары мектеп оқытушысының 100 кәсіби маңызды сапаларынан тұрады. Оларды жеті топқа: дидактикалық, ұйымдастырушылық, гностикалық, тәрбиелеушілік, өнегелік, тұлғалық және педагогикалық техника сапалары деп бөліп қарастыруға болады. Жоғары мектеп оқытушысының тұлғасының кәсіби маңызды сапаларының осылайша орналасу реті университет оқытушылары мен магистранттарына суалнама жүргізу нәтижесінде жүзеге асты. Сондай-ақ, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби маңызды сапалары топ ішінде де тәртіпке келтірілген.

Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі тұрақты тиімділікті еңбек сипатынан, түрлі жанжалды жағдайларда кәсіби мәселелердің адекватты рационалды шешімін табу қабілетінен көрінеді. Берілген анықтамалардан құрылымды түрде кәсіби-білімдік, кәсіби-іс-әрекеттік, тәжірибелік және кәсіби-тұлғалық компоненттерді бөліп қарастыруға болады. Бірнеше авторлардың зерттеулерін талдай отырып, кәсіби құзыреттілік ұғымына: Кәсіби құзыреттілік – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жеткілікті білімдер,

іскерліктер, тәжірибе мен өнегелік ұстанымдарды бейнелейтін жоғары мектеп оқытушысының іскерлік және тұлғалық сапаларының кіріктірілген сипаттамасы, – деген анықтама береміз. Біздің пікірімізше, «квалификация», «кәсібилік» және

«құзыреттілік» ұғымдары тұлғаның кәсіби дамуындағы деңгейлік ұғымдар болып табылады, алайда, кейбір жағдайда олар атқарылатын іс-әрекет түріне байланысты параллельді жағдайда бір деңгейлі болуы мүмкін.



2-сурет – Университеттік білім беру жағдайындағы жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу моделі

Жоғары оқу орнының оқытушысының кәсіби құзыреттілігін құраушы факторлардың бірі оның педагогикалық шеберлігі болып табылады. Оның құрамына кәсіби ойлау, кәсіби-педагогикалық іскерліктер, педагогикалық техника, кәсіби импровизация, өзіндік реттелу және басқа да компоненттер кіреді. Мұндай шеберліктің іргетасы кәсіби-педагогикалық білімдер болып табылады.


Кәсіби құзыреттілік функционалды сауаттылық деп аталатын басқа педагогикалық сипаттама үшін негіз болып табылады. Білім беру жүйесінің алдына аса өткір дилемма шықты, ол – тар мамандану немесе кең білімдарлық, құзыреттілік немесе жан-жақтылық. Осыған байланысты үздіксіз білім беру контексінде сан алуын

формалар мен деңгейлердің функционалды сауаттылығын диагностикалаудың және өлшеудің ғылыми негізделген әдістемелерін жасау үлкен маңызға ие болады. «Функционалды сауаттылық» ұғымы өткен жүзжылдықтың алпысыншы жылдарының соңында ЮНЕСКО-ның құжаттарында пайда болып, кейіннен зерттеушілердің қолданысына енді. Бұл ұғымның құрамына функционалды-өндірістік, функционалды-қоғамдық, функционалды-мәдени, функционалды-тұрмыстық, экологиялық және басқа да түрлер мен олардың өзара әрекеттестігі кіреді. Қазіргі таңда кең көлемді практикалық қолданыстағы ақпараттық-лингвистикалық сауаттылық жетекші орынға ие болды.



Университеттік педагогикалық білім беру саласындағы педагогикалық құзыреттілік ең алдымен, жоғары мектептегі педагогикалық үдерісте ұғынылатын, меңгерілетін, негізінде магистрант-

тардың табиғи нышандары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, олардың тұлғалық-физиологиялық ерекшеліктері жататын білімдер мен іскерліктердің нәтижесі болып табылады (3-сурет).



3-сурет – Жоғары мектеп оқытушысының педагогикалық құзыреттілігінің құрылымы

Біздің мемлекетте болып жатқан демократиялық құрылымдар процесіндегі заманауи университеттік білім берудің даму мәселесі университеттерді кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттайды, себебі ол қоғамды гуманизациялаудың және гуманитаризациялаудың маңызды тәсілі болып табылады. В.А. Сластениннің пікірінше, педагогикалық мамандықтың тарихи орныққан екі әлеуметтік қызметі бар – адаптивті және гуманистік. Адаптивті қызмет тәрбиеленушінің заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайлардың нақты талаптарына бейімделуімен, ал гуманистік қызмет – оның тұлғасының, шығармашылық индивидуалдығының дамуымен байланысты [3]. Осының негізінде шығармашылық және әлеуметтік өмірлік іс-әрекетке белсенді қатысу, өзіндік дербестік дағдыларының дамуын талап ететін тұрақты кәсіби және азаматтық жетілуді,

саналы қабылдауды қамтамасыз ететін жоғары мектеп оқытушысын даярлауға жүйелі бағытылықты ұйымдастыруға негізделген болашақ мамандардың динамикалық біліктілігін қамтитын заманауи университеттік білім берудің ерекшеліктерін нақты бөліп көрсетуге болады. Жоғары мектеп оқытушысын әлеуметтік сабақтастық субъектісі ретінде қарастыру керек, себебі ол әлеуметтік мұраны белсенді қалыптастырушы әлеуметтік іс-әрекеттің тарихи қалыптасқан тасымалдаушысы болып табылады. Адамдардың материалды және рухани іс-әрекеттерінің дамуының белгілі бір деңгейінде ақырындап, философтар әлеуметтік жады деп атайтын әлеуметтік мұраның мазмұны өрнектелуде, ол университеттік білім беру үшін де өте құнды.

Жоғары оқу орындарында оқытушы даярлау процесі, өндірістік мақсатты шешу бағыты мен

оқыту тақырыптарының бірлігіне, құзыреттілік пен кәсіптік біліктілікті, әлеуметтік ұстанымдарды үйлестірсе, табысты болады деген қорытынды жасауға болады.

Қазіргі дидактикада неғұрлым кең тараған және дәлелденген, біздің пікіріміз бойынша, В.В. Богданов ұсынған үш деңгейлі модель: шынайы болмысты, әртүрлі саланы қамтитын энциклопедиялық (когнитивтік) білімге сүйену; прагматикалық мақсатқа жету үшін тілдік құралдарды пайдалану; сөйлесім және мәтіндік байланыс орнату [4].

«Құзыреттілік» ұғымын қарастырған еңбектерде әлі бір нақты тұжырымға, ортақ пікірге, анықтамаға тоқталмаған.

Педагогикалық қызметтің нәтижесіне деген көзқарастың өзгеруі білім беру процесіндегі құзыреттің орнын көрсетеді. С.Е. Шишов соңғы мақаласында құзыретті білім берудің мақсаты ретінде түсіндіреді. Бір жағынан құзырет – білім берудің жалпы мақсаты, ал екінші жағынан ол – алған білімнің әрекеттік, практикалық жағы, яғни білім, ептілік, дағдының бейтаныс, беймәлім, оқыс жағдайда көрінуін білдіреді. Құзырет тек білім мен ептілік жиынтығымен өлшенбейді [5]. Құзыретті болу дегеніміз сол жағдайға сай өзінің білімін, ептілігін, дағдысын, тәжірибесін жинақтай алуы және қолдана білуі, яғни нақты жағдайға сай беталысын, іс-әрекетін жұмылдыру. Сондықтан оқу-тәрбие процесіндегі мақсат оқытушы әрекеті нәтижесіне қойылуы тиімсіз. Оқытушы білім алушылардың өзіне мақсат қоюға үйретуі керек. С.Е. Шишов пен В.А. Кальнейдің түсіндіруі бойынша «құзырет» ұғымы педагогикаға өнеркәсіптен келді [6]. Ұғым оқытудың арқасында меңгерілген білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, икемділікке негізделген жалпы қабілетті білдіреді. Бұл тұжырым, біздің ойымызша күмән тудырады. Себебі, педагогикада дәл осындай анықтама білімділік пен сауаттылықты білдіреді деп келдік. Сөйтіп, құзырет ұғымының өзі педагогикада қажеттілігі дау тудыратын мәселе екендігі байқалады. Мәселенің тағы бір жағы ұғымдардың ұқсастығында. Мәселен, С.Е. Шишов пен В.А. Кальней білім алушыларға қандай құзыретті дамыту керектігін талдай отырып, «күнделікті қабылданатын мыңдаған шешім жеке адамдар немесе топтардың құзыретіне байланысты болуы мүмкін» [6] деп жазады. Бұл жерде айқын көрінетін нәрсе, құзырет және құзыреттілік ұғымдарының сәйкес келетіндігінде. Басшының құзыреті бар, бірақ құзыреттілікті меңгермеген болуы мүмкін. Ескеретін жайт, С.Е. Шишовтың «Компетентност-

ный подход к образованию: прихоть или необходимость?» атты соңғы мақаласында құзырет және құзыреттілік терминдерінің арақатынасы жайында баяндайды.

Сонымен, оқытудың арқасында қалыптасқан қабілетті білдіретін құзырет емес, құзыреттілік. Бұған көптеген ғалымдар – психолог, педагогтардың еңбектері дәлел. Атап айтқанда И.А. Зимняя білім алушылардың «кәсіби және білімділік, мәдени құзыреттілігін» тәрбиелеу, сондай-ақ пәндік және қатысымдық құзыреттілігін дамыту қажеттігі жөнінде айтады [7]. В.А. Якунин «кәсіби-педагогикалық құзыреттілік» ұғымын қолданады [8]. Б.С. Гершунский «кәсіби құзыреттілік» категориясы ұғымы туралы жазады, петербургтік ғалым-педагогтар құзыреттілік білімділіктің ең жоғары деңгейі деп есептейді. Ал шетелдік әдебиетте competence (ағылшын) – қабілет, компетенция, competent (франц.) – құзыретті, құқықты, competens (лат.) – сәйкес, жарамды, competere – сай болу, қабілетті болу дегенді, ал қазақша сөздіктерде «құзыреттілік» – біреуге тиесілі істер, сұрақтар төңірегінде белгілі бір адамның не мекеменің өкілдігінің, құқығының болуы, орыс тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде құзырет «белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді біреудің жақсы білуі» [9], – деген мағынаны білдіреді.

Сонымен, құзырет – құбылыс (мәселелер, сұрақтар), ал құзыреттілік – жеке тұлғаның қасиеті.

Білім беру нәтижелерінің тұрғысынан алғанда, құзыреттілік жеке тұлғаның белгілі бір іс-әрекетті немесе жұмысты орындауға қабілеттілігі. Белгілі бір іс-әрекетті іске асыру үшін үйренушінің білімі, ептілігі, дағдысы және тәжірибесі болуы керек. Басқаша айтқанда, үйренушінің белгілі бір сұрақтар төңірегінде тәжірибесі, мағлұматы болуы тиіс.

В.М. Шепель құзыреттілік шеңберіне білім, ептілік, тәжірибе, теориялық дайындығын енгізеді [10]. Басқа да құзыреттілікке берілген анықтамалар (В. Ландшеер, П.В. Симонов, М.А. Чошанов) бұған қайшы келмейді. Мәселен, В. Ландшеер құзыреттілікті терең білімділік, тапсырманы орындауға сай тұру деп ұғынады [11]. П.В. Симонов тапсырманы орындауға құлықтылық жөнінде, М.А. Чошанов құзыреттіліктің мазмұндық (білім) және процессуалдық (ептілік) компоненттеріне көңіл бөледі [12].

Педагогикалық психологияда «құзыреттілік» педагогикалық әрекетті жүзеге асырудағы білімі, дағдысы, ептілігі деген пікір қалыптасқан (А.Н. Журавлев, Н.Ф. Талызина, А.И. Щербаков және басқалар). Л.М. Митина ұстаздың педагогикалық құзыреттілігі құрылымының екі

жағын көрсетеді: әрекеттік (педагогикалық қызметті жүзеге асыру амалдары) және қатысымдық (педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асыру амалдары) [13].

«Құзырет» ұғымын алғаш енгізген Н. Хомский оған «белгілі бір пәнді оқыту процесінде қалыптасқан білім, дағды, ептілік жиынтығы, сондай-ақ, белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілеттілік деген анықтама береді. Алғашында бұл ұғым тіл үйренуге қатысты пайда болған [14]. Э.Г. Азимов пен А.Н. Щукиннің соңғы шыққан сөздігінде құзырет ұғымына он екі түрлі анықтама береді [15]. Құзырет және құзыреттілік ұғымдарын қолдана отырып, біз бұл ұғымдардың «білім мазмұны» («білімділіктің мазмұны») және «білімділік» деген ұғымдарға сәйкес екенін ескеруді маңызды деп санаймыз. Көріп отырғанымыздай, құзыреттілікке ең жақын ұғым қабілет екен. С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов пен А.А. Бодалевтің түсіндіруі бойынша, қабілет – бұл жеке тұлғаның кез-келген жеке-психологиялық ерекшелігі емес, ол тек белгілі бір әрекеттің орындалу қорытындысына, нәтижесіне байланысты. Әрекетте қалыптаса отырып, қоғамның дамуымен бірге оның да сипаты өзгереді, икемделеді. Қабілет пен әрекет бірдей емес, бір жағынан ептілік пен білімнің болуы белгілі бір қабілетті көрсетеді, екінші жағынан нақты бір әрекетке қабілет осыған байланысты ептілік пен білім болған кезде ғана көрінеді. Ал онда құзырет ұғымын енгізудің қандай қажеті болды? Соңғы жылдары білім беруді модернизациялаудың басты идеяларының бірі құзыретті дамыту болып отыр. Бұл идея қазіргі кездегі білім беру мақсатын бұрынғы, дәстүрлі білім жиынтығы мен оған сәйкес ептілік пен дағдыны қалыптастыру жүйесі деп түсінуден алшақтатады. Құзырет білім берудің мақсатына жетуде маңызды педагогикалық шарт болып табылады, өйткені ол құзыреттіліктің арқасында үйренуші өзінің субъективті тәжірибесін белсенді тұтынушы бола алады. Педагогикалық қызметтің нәтижесіне деген көзқарастың өзгеруі білім беру процесіндегі құзыреттің орнын көрсетеді. Сондықтан, құзырет анағұрлым жоғары деңгейді білдіреді, ол тек білім мен ептіліктің жиынтығымен анықталмайды.

## Қорытынды

Құзыретті болу дегеніміз сол жағдайға сай өзінің білімін, ептілігін, дағдысын, тәжірибесін жинақтай алуы және қолдана білуі, яғни нақты жағдайға сай беталысын, іс-әрекетін жұмылдыру. Сонымен құзырет және құзыреттілік ұғымдарының пайда болып, білім беру саласында орнығып қалу табиғаты екі жақты болып келеді. Алдымен әлеуметтік және жекетұлғалық себептерге (жекетұлғалық-маңыздылық) байланысты. Бұл жеке тұлғаның мүмкіндіктерінің ашылуына жол ашады және социумның да, жеке тұлғаның да мақсаттарын қанағаттандырады. Сонан кейін оқу-тәрбие жұмысының мақсаттарына байланысты. Жоғары оқу орындарында еңбек нарығына бейім, кәсіптік қызметке психологиялық дайындығы бар маман дайындау мақсаты тұрады.

Жекетұлғалық-бағдарлық жүйеде жалпы құзыреттілікті қалыптастырудың мынадай қағидаларына сүйену керек: студенттің жоғары оқу орнына дейінгі қалыптасқан тәжірибесінің белсенді тұтынушысы ретінде дербестілігін, өзіндік ерекшелігін, өзіндік сенімін айрықша ескеру; білім беру процесін жобалауда берілген білімнің жеке әрекетке көшу мүмкіндігін алдын-ала қарастыру; студенттің жеке тұлға ретінде дамуының үнемі өзін-өзі байыту арқылы жүруі.

Педагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру үшін оның тұлғалық компоненті аса маңызға ие. Мәселен, педагогикалық іс-әрекетте шешуші рөл атқаратын коммуникативті компоненттің қалыптасуы негізінен оқытушының мамандыққа деген бейімділігіне тәуелді болып табылады. Арнайы компонентті құрайтын – педагогикалық мәдениет, педагогикалық қабілеттер, кәсіби-педагогикалық іскерліктердің, іс-әрекеттік компонентті құрайтын – кәсіби импровизация, педагогикалық іс-әрекетке даяр болудың дамуы магистранттың тұлғалық сапаларына үлкен әсер етеді. Осы аталған сипаттамаларды ескере отырып, педагогикалық құзыреттілікті игеру оқытушыға өзінің кәсіби міндеттерін біліктілік тұрғысында атқаруына мүмкіндік береді деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Баширова Ж.Р. Жоғарғы оқу орындарында жоғары мектеп оқытушысын даярлау мәселесі. Монография. – Алматы, 2003. – 153 б.
- 2 Баширова Ж.Р. О методологическом базисе новой модели образования // Высшая школа Казахстана. – 2004. – №1. – С. 62-71.
- 3 Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / под ред. В.А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.
- 4 Богданов В.В. Коммуникативная компетенция и коммуникативное лидерство. Язык, дискурс и личность. – Тверь: Изд-во ТГУ, 1990.
- 5 Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования / С.Е. Шишов // Стандарты и мониторинг в образовании. – 1999. – № 2. – С. 41–48.
- 6 Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. – М., 1999.
- 7 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 3-10.
- 8 Якунин В.А. Педагогическая психология. – СПб.: Полиус, 1998.
- 9 Гершунский Б. С. Философия образования / Б.С. Гершунский. – М.: Московский психолого-социальный институт, 1998. – 432 с.
- 10 Шепель В.М. Управленческая антропология. Человеческая компетентность менеджера. – М., 2000.
- 11 Ландшеер В. Концепция «минимальной компетентности» / В. Ландшеер // Перспективы. Вопросы образования. – 1988. – № 1.
- 12 Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие / М.А. Чошанов. – М.: Народное образование, 1996. – 160 с.
- 13 Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя / Л.М. Митина. – М.: Академия, 2004. – 320 с.
- 14 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. – М., 1972.
- 15 Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Икар, 2009. – 448 с.

References

- 1 Bashirova Zh. R. The problem of training high school teachers in higher educational institutions. Monograph. – Almaty, 2003. – 153 p.
- 2 Bashirova Zh.R. On the methodological basis of a new model of education // Higher school of Kazakhstan. 2004. – № 1. – P. 62-71.
- 3 Pedagogy / under the editorship of V.A. Slastenin. Textbook for students of higher pedagogical educational establishments. – М.: Publishing center «Academy», 2002. – 576 p.
- 4 Bogdanov V.V. Communicative competence and communicative leadership. Language, discourse and personality. Tver: The TSU publishing house, 1990.
- 5 Shishov S.E. Concept of competence in the context of education quality / S.E. Shishov // Standards and monitoring in education. – 1999. – № 2. – P. 41–48.
- 6 Shishov S.E., Kal'nej V.A. Monitoring the quality of education in the school. – М., 1999.
- 7 Zimniaia I.A. Key competences – new paradigm of educational result / I.A. Zimniaia // Higher education today. – 2003. – №5. – P. 3-10.
- 8 Yakunin V.A. Pedagogical psychology. Publisher: Polyus. – SPb, 1998.
- 9 Gershunsky B.S. Philosophy of education / B.S. Gershunsky. – М.: Moscow psychological-social Institute, 1998. – 432 p.
- 10 Shepel V.M. Administrative anthropology. Human competence of the Manager. – Moscow, 2000.
- 11 Landsheer V. the Concept of «minimal competence» / Landsheer V. // Prospects. Questions of Education. – 1988. – № 1.
- 12 Choshanov M.A. Flexible technology of problem-modular education: Methodical manual / A.M. Choshanov. – Moscow: Folk education, 1996. – 160 p.
- 13 Mitina L.M. Psychology of work and professional development of teachers / L.M. Mitina. – М.: Academy, 2004. – 320 p.
- 14 Chomsky N. Aspects of the theory of syntax. – М., 1972.
- 15 Azimov E.G., Shehukin A.N. A new dictionary of methodological terms and concepts (theory and practice of language training). – Moscow: Ikar, 2009. – 448 p.

Жұмабекова Ф.Н.

**Болашақ мамандардың кәсіби  
қүзіреттілігін  
қалыптастырудың  
басым бағыттары**

Аталған мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастырудың басым бағыттары, мамандар даярлаудағы олардың оқу үдерісі барысында меңгеруге тиісті кәсіби құзіреттіліктер сипатталған. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асырылуда. Атап айтқанда: біріншіден, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізуге көңіл бөлу, екіншіден, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор екендігі қарастыру. Арнаулы педогогтық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажеттілігі және әр өңірде педогогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтардың жұмыс істеуі қажет деп есептейді. Үшіншіден, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру мәселесі баяндалған.

**Түйін сөздер:** кәсіби құзіреттілік, жалпы ғылыми құзіреттілік, инструменттік құзіреттілік.

Zhumabekova F.N.

**The main directions of formation  
of professional competence by  
future specialists**

This article described those prior directions for formation of future specialist's professional competence and their professional competences which requires to grasp in the learning process. And it gave expression for those contents of training for specialists who have the rich professional knowledge which includes a great sense of responsibility of institutions of higher education, qualified, master of his craft, competitive, have a wide range of vision, fully developed, and have the socio – economic and spiritual development for the growth of the content and the quality of the properties and changes in labor requirements of the competent. It provided the organization for determination of domestic and foreign scientists that named Professional training in higher educational institutions in determining the methodological and theoretical foundations. Modernization of the education system in our country is carried out in three priority areas. In particular, first, shows solicitude for the introduction of modern techniques and technologies into educational organizations 'convenience and learning process. Second, promote the importance of the transforming of teaching and educational process and to improving the quality of educational institutions. And considers it necessary to be work out those special education teacher standards, the need to strengthen teachers' quality training process in schools and higher education institutions and the functioning of the integrated centers for training and improving teacher's quality in each region. The third, it described the improving of availability and effectiveness in educational services and establishment of an independent system of professional development.

**Key words:** professional competence, scientific competence, instrumental competence.

Жұмабекова Ф.Н.

**Главные направления  
формирования  
профессиональной  
компетентности будущих  
специалистов**

В статье описаны приоритетные направления в формировании профессиональной компетентности будущих специалистов, которые осваиваются в учебном процессе в ходе обучения. В Казахстане модернизация образования реализуется по трем приоритетным направлениям: оптимизация организаций образования и акцентирование внимания внедрению в учебный процесс современных методик и технологий; модернизация учебно-воспитательных процессов и повышения качества педагогического состава. Формы-образцы специального педагогического образования показывает необходимость усиления требований к повышению квалификации преподавателей школ и вузов и функционирование в каждом регионе интегрированных центров по повышению квалификации педагогов; изложение проблемы создания независимой системы повышения квалификации и повышения эффективности и доступности образовательных услуг.

**Ключевые слова:** профессиональная компетенция, научная компетенция, инструментальная компетенция.



**БОЛАШАҚ  
МАМАНДАРДЫҢ  
КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ****Кіріспе**

Еліміздегі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлауды көздеп отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» атап көрсетілген [1].

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру [2], «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарларын» атап өтті [3].

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде.

## Негізгі бөлім

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауда: Арынғазин, Ш.А. Абдраман, Б. Әбдікәрімұлы, А.Е. Әбілқасымова, Б.А. Әлмұхамбетов, Е.И. Бурдина, С.А. Дружилов, Е.Ө. Жұматаева, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Қ.М. Кертаева, С.З. Қоқанбаев, В.В. Колосова, А.К. Маркова, М.С. Мәлібекова, Ш.М. Мұхтарова, Н.Ә. Мыңжанов, А.Қ. Нұрғалиева, Т.С. Сабыров, А.П. Сейтешев, В.А. Слостенин, Н.Д. Хмель, Ә.Ә. Усманов, А.И. Щербаков, Р.К. Төлеубекова, Г.О. Тәжіғұлова, В.Д. Шадриков, Л.А. Шкутина т.б. ғалымдардың зерттеулеріне арқау болып, әр қырынан қарастырылғандығына көз жеткіздік [4].

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту – заманның талабы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде. Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асуда. *Біріншісі*, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

*Екіншісі*, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

*Үшіншісі*, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту

үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта даярлауды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынуда.

Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқытушылардың, студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО-ры да түрлі инновациялық әдістемелерді пайдалана бастады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қос диплом алу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастырылуда [5].

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, жоғары оқу орнын, балабақша, мектеп таңдау жағдайында өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті мамандарды қалыптастыруды көздейді. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары білім беру мазмұнын жаңартудың және қазақстандық білім беру жүйесін өзгертудің негізгі бөлігі болып табылады. Алайда білім берудің сапасы мен

тиімділігін арттыруды жүзеге асыруда қазіргі педагог мамандардың қолынан келер мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтың сақталып отырғанын атап айту керек. Осы қайшылықтарды жоюда білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісін күзіретті тәсілге бағдарлай отырып, оны жүзеге асырудың жолдарын қамтамасыз ететін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу қажет:

- педагогтарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын күзіретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;

- педагогтарды баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;

- білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру;

Болашақ мамандардың негізгі күзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау белгіленген міндеттерді іске асыра алуымен тікелей байланысты. Педагогтардың кәсіби күзіреттілігін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының төмендегідей талаптарына сәйкес болуы шарт:

- жаңа білім беру стандартының мазмұны мен әдіснамасын қабылдауға;

- білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік тұрғыдан өзгертуге;

- педагог қызметінің мақсаттары мен тәсілдерінің өзгеруіне;

- білім берудің дәстүрлі және тың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдануға даярлануы керек. Мұнда білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесіне көңіл бөлу де болашақ мамандардың кәсіби күзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияның білім беру үдерісінің ресурсына айналуы болашақ мамандардың өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жүйесін пайдалануына және түрлі педагогикалық жағдаяттар арқылы ақпараттық-коммуникативтік технологияның (АКТ) мүмкіндіктерін қолдануға бағдарлау қабілетіне тікелей байланысты. Ол АКТ озық қолданыс деңгейінде игеруін және ақпараттық ортада болашақ мамандардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістері мен дидактикалық тәсілдерін меңгеруі маңызды [6].

Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде: жоғары және орта кәсіби педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаңарту бағыттарының ортасынан ең алдымен, педагогикалық мамандар даярлаудағы ресурстарға қойылатын талаптарды бөліп алуға болады:

- күзіреттілік-бағдарлы білім беруге көшу негізгі кәсіби күзіреттіліктерді қалыптастыру;

- тар мамандандырудан түлектің кәсіби белсенділігінің базасын құратын кең профильді даярлыққа өту;

- кәсіби білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты күшейту.

Білім беру жүйесін жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген маман даярлануы қажет. Кәсіби күзіреттердің білім беруді ақпараттандыруға байланысты талаптарға сәйкестігі – педагогикалық оқу орындарының түлектері соңғы уақыттарда бастапқы қолдану дағдыларын игергенін көрсетіп жүр. Біліктілікті арттыру жүйесі мен түрлі серіктестіктер жобалары жалпы алғанда қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз ету міндеттерін орындауға көңіл бөлгендігімен, болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы керек [7].

Осыған орай, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында әлеуметтік шындық және оларды көрсететін тенденциялар өз жұмысының аумағында білікті және кәсіби-педагогикалық мәдениетке ие мамандар даярлауда олардың меңгеруге тиісті төмендегідей кәсіби күзіреттіліктеріне тоқталамыз.

*Жалпы ғылыми күзіреттілік:*

- өзінің жалпы мәдени және интеллектуалдық деңгейін жетілдіру және дамыта білуі;

- өзінің кәсіби қызметінде ғылыми бағытын таңдауы үшін жаңа зерттеу әдістерін өздігінен меңгере білуі;

- кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін еркін қолдана білуі;

- зерттеу іс-әрекетінде жобалау технологияларын тиімді пайдалана алуы;

- өзінің жеке ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық қабілеттері мен әлеуметтік-мәдениетін жетілдіре білуі;

- белгіленген тақырып аясында ғылыми-зерттеулер жүргізе білуі;

- ғылыми ортада коммуникативті қарым-қатынас орната алуы.

*Инструменттік күзіреттілік:*

- жаңа білім мен біліктілікті, жаңа білім сарасын қоса алғанда өзінің тәжірибелік қызметінде өз бетімен жинақтап, қолдана білуі;

- ғылыми негізделген зерттеудің әдістері мен технологияларын меңгеру, педагогикалық және психологиялық мәселелерді зерттеуде ақ-

параттарды жинақтауды, талдау жасауды, өңдеуді білуі;

– кәсіби-педагогикалық мәселелердің дәстүрден тыс шешімдерін таба білуі.

– ұжымда өз көзқарасын дәлелдеп, жаңа шешімдерді ұсына білуі;

*Жалпы кәсіби құзіреттілік:*

– ЖОО-да педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті болуы;

– кәсіби педагогикалық қызмет жағдайында психологиялық-педагогикалық заңдылықтар мен тұлғалық қарым-қатынас механизмдерін пайдалана білуі;

– кәсіби-педагогикалық қызметті жетілдіруге және дамытуға қабілетті болуы;

– кәсіби-педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларды пайдалана білу қабілетінің болуы;

– кәсіби тұрғыдан өзіндік даму және жетілу қабілеттерін меңгеруі.

Аталған құзіреттіліктерді игеру болашақ мамандардың білім алуына жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық қызметтің көлемін жоғары дәрежеде қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, болашақ мамандардың педагогикалық әрекеті құрылымына сәйкес кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру төмендегідей бағыттарда қарастырылды:

*Ұйымдастыру-басқарушылық:*

– болашақ мамандар білім беру ұйымдарымен кәсіби және тұлғалық байланыс орнату;

– олардың білім алуы мен дамуы үшін жағымды ортаны құруға мүмкіндік туғызу;

– педагогикалық үдеріске қатысушылардың арасында диалогты және көңіл-күйге негізделген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру;

– білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің қарым-қатынасын үйлестіру;

– қоғаммен байланысты қалыптастыру;

– білім беру ұйымдарының әрекетін жоспарлауды жүзеге асыру;

– білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін бақылауды және өз іс-әрекетін үйлестіре білуді жүзеге асыру;

– білім беру ұйымдарындағы әкімшілік мәдени басқарудың жүзеге асырылу бағыттарына бақылау жасай білу;

– білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін көтеруді жүзеге асыру;

– маркетингті қызметтің әрекетін ұйымдастыру;

– аналитикалық және жарнамалық әрекетті жүзеге асыру (қоғам мен бала қажеттілігі негі-

зінде тестілеу, сауалнама жүргізу; ғылыми-әдістемелік көрмелер, жәрмеңкелер және сайттар құру т.б.).

*Білім берушілік:*

– қоғамдық қатынастардағы жас ұрпақтың маңыздылығын түсіну;

– жоғары мектепте студенттердің білім алуына бағытталған оқыту үдерісін инновациялық тұрғыда жүзеге асыру;

– технология мен тәрбиелеудің сан түрлі нұсқаларын пайдалану;

– болашақ мамандарды кәсіби құзіреттілігіне бағытталған диагностикалық әдістерді меңгеру және оларды тәжірибеде қолдана білу;

– білім беру мазмұнын таңдау, яғни білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мазмұнына сүйену (мемлекеттік білім беру стандарты, типтік бағдарламалар, оқу жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендері т.б.);

– оқытудың инновациялық технологияларын қолдану және оның тиімділігін анықтау;

– білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушылардың, студенттердің ортақ тұлғалық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету;

– психологиялық-педагогикалық әрекеттің түрлі формаларын ұйымдастыру;

– рефлексия және өзіндік рефлексия қабілеттерінің әрекетіне ие болу;

*Ғылыми-зерттеушілік:*

– өзінің әрекет саласындағы кәсіптік жетілуіне бағдарлама жасай алу және инновациялық бағыттарға сәйкес зерттеулер жүргізу;

– әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың жұмыстарын ұйымдастыру;

– педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік педагог мамандықтарына арналған оқу іс-әрекетіне арнайы бағдарланған зерттеулер жүргізу;

– ғылыми жобалар қоғау, ғылыми-әдістемелік бағыттағы мақалалар, еңбектер дайындау [8].

Біз жоғары мектепте болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптасыруды білім беру ұйымдарында педагогикалық үдерісті құру барысында пайда болатын, әрбір нақты жағдайларда дұрыс шешімге келуіне мүмкіндік беретін, оның білімі мен кәсіби шеберлігінің деңгейі ретінде анықтаймыз. Жоғарыда айтылған кәсіби құзіреттіліктер болашақ мамандардың өзінің педагогикалық қызметі мен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіптік бағдарын көрсетеді. Жоғары білім беру жүйесін қамтамасыз ету барысында келтірілген барлық ұстанымдар басым болып табылады. Бұл ретте, біздің ойымызша, білім беру ұйымдарында жас ұрпақтың жемісті



дамуын ұйымдастыратын білікті педагогтің қатысуынсыз әрбір шартты жүзеге асыру мүмкін емес.

Кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруде болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдетумен қоса шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби қызметті орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда төмендегі мәселелерге: кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруі; білім, білік, дағдылардың дәрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуі; мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуы; мақсатқа жетуге байланысты тиімді жолдарды таңдай алуы; ұсынылған жаңа білім мазмұнын игеруі және оны эмоционалдық көңіл күймен қабылдауы; оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісінің міндеттерін жүзеге асыра алуы, талдау жасауы, түзету жұмыстарын жүргізе білуге ықпал ете алуы; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Кәсіби білімнің қазіргі жүйесі болашақ мамандар өзінің педагогикалық қызметін түсінумен ғана емес, сонымен бірге басқа да әріптестерімен, басшылармен «байланыстыратын» өзіндік қасиеттерді бағалаумен де байланысты біліктілігінің рефлексивті құрамдас бөлігін иеленуді талап етеді. Аталған құрамдас бөлікті жүзеге асыру тиімділігі педагогтің сыни ойлау, талпыныс пен талдау жасау, өзінің ұстанымын дәлелдей алуы, ақпаратты сәйкесінше қабылдауы сияқты қасиеттерге ие болуымен байланысты [9].

### Қорытынды

Нәтижесінде: жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың сапасы қоғам сұранысына сай болуы ескерілді. Студенттер Қазақстандағы

және Ресейдегі т.б шетелдік озық іс-тәжірибелермен танысып, болашақта өз тәжірибесінде қандай әдістемені таңдайтындарын ойланды. Тәжірибе тақырыбын анықтап, жұмыс кезеңдерін белгіледі, қысқа және ұзақ мерзімге арналған жұмыс жоспарын құруды үйренді. Белгіленген тақырыпқа сәйкес философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттермен танысып, талдау жасады. Оқу үдерісінде семинар сабақтарда ғылыми жобалар қорғады, белсенді ой пікірлер айтып, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасында арнайы ұйымдастырылған семинарлаға қатысып, әлеуметтік ғылымдар факультетінде және ЕҰУ-де өтетін студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференцияларына қатысып баяндамалар жасады. Дәріс сабақтарында өздері таңдаған тақырыптары бойынша теориялық материалдар жинақтап, оны семинар және лабораториялық сабақтарда, тәжірибелік байқаудан өткізуде ғылыми жобаларын қорғады. Мұнда анықтау экспериментінде: мектепте, балалар үйінде, қарттар үйінде әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған бағдарламалар дайындалып, оны жүзеге асырудың жолдары қарастырылды. Қалыптастыру экспериментінде студенттер дайындаған бағдарламалары мазмұнына сәйкес білім беру ұйымдарына барып арнайы іс-шаралар өткізді. Қорытынды экспериментте педагогикалық мониторинг жүргізіп, сандық сапалық көрсеткіштерді анықтаудың жолдарын үйренді. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік қорытындыларынан «портфолио» дайындады.

Ойымызды қорытындалай келе, кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың білім беру ұйымдарындағы қызметіне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлігіне бағытталған. Мамандардың кәсіби даярлығы, яғни оның білім беру қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті оның кәсіби құзіреттілігін қалыптастырып, біліктілігін арттаруды құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
- 2 Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы». – Астана, 2012
- 3 Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.



- 4 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007.
- 5 Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компотентности учителя. – Алматы, 2006.
- 6 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл. докт...автореф.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- 7 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: пер. с англ. – М.: «Когито-Центр», 2002. – 396 с.
- 8 Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. – М., 2006.
- 9 Григорович Л.А. Введение в профессию «психолог»: уч. пос. – М.: Гардарики, 2006. – 192 с.

#### References

- 1 State Program for the Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020. – Astana, 2010.
- 2 The «Kazakhstan – 2050 Strategy» for Kazakhstan People. – Astana, 2012.
- 3 Turenbaeva B.A «The development of the creative potential in the professional development of teachers: Theory and practice». – Almaty, 2005.
- 4 Kudaibergenova K.C. The basic concepts of competence approach. – Almaty, 2007.
- 5 Kurmanalina SH.H. Assessment of the quality of vocational teachers' competence. – Almaty, 2006.
- 6 Kenzhebekov B.T. The future of professional competence in higher educational institutions: Ped. Ph.D...avtoref: 21.05.05. – Karagandy: E.A Buketov named QarGU, 2005. – 40 p.
- 7 Raven J. Competence in modern society: identification, development and implementation / Trans. from English. – М.: «Cogito Center», 2002. – 396 p.
- 8 Elkanov C.B. Fundamentals of professional self-education of the future teacher. – М., 2006.
- 9 Grigorovich L.A. Introduction to the profession «Psychology»: Uch.pos. – М.: Gardariki, 2006. – 192 p.



Беркімбаев К.М.,  
Оспанова Б.А.,  
Сағдуллаев И.И.

**Использование  
информационно-  
коммуникативных  
и интерактивных развивающих  
технологий в формировании  
акме-креативных качеств  
у будущих учителей  
английского языка**

В статье рассмотрен вопрос об использовании информационно-коммуникационных и интерактивных развивающих технологий для формирования акме-креативных качеств будущих учителей английского языка. Достижение АКМЕ – вершин профессионального и личностного развития возможно через постоянное совершенствование деятельности. Важную роль здесь играют креативные технологии и методики обучения и развития. Поскольку развитие современного общества затрагивает различные сферы деятельности человека, в том числе и образование, можно считать образовательное пространство частью глобального информационно-коммуникативного пространства. Методика интерактивного обучения предполагает учитывать следующие вопросы: а) Что будем делать? б) Как будем делать? в) Сколько времени? г) В каком виде будем проводить? Итог? Иностранный язык, в частности английский, становится одним из значимых средств формирования акме-креативных качеств будущего учителя.

**Ключевые слова:** личностно-ориентированная парадигма образования, информационно-коммуникативные технологии, интерактивные развивающие технологии, акме-креативность, формирование акме-креативных качеств.

Berkimbaev K.M.,  
Osponova B.A.,  
Sagdullaev I.I.

**The use of information and communication and interactive learning technologies in formation of acme-creative qualities by future teachers of English**

In article the question about the use of information and communication and interactive educational technologies for the formation of Acme-creative qualities of future teachers of English. Achievement ACME – vertex professional and personal development possible through continuous improvement activities. Are essential creative technologies and methods of training and development. Since the development of modern society affect different spheres of human activity, including education, can be considered educational space is part of the global information and communication space. The methodology involves interactive learning, consider the following questions: a) What do we do? b) How are we going to do? b) what time is it? d) In what form will hold? The result? Foreign language, particularly English, is becoming one of the most important means of formation of Acme-creative qualities of a future teacher.

**Key words:** personality-oriented paradigm of education, information and communication technologies, interactive educational technology, Acme is creativity, the formation of Acme-creative qualities.

Беркімбаев К.М.,  
Оспанова Б.А.,  
Сағдуллаев И.И.

**Болашақ ағылшын тілі  
мұғалімдерінің  
акме-креативтік сапаларын  
қалыптастыруда ақпараттық-  
коммуникативтік және  
дамытушылық  
технологияларды қолдану**

Мақалада болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің акме-креативтік сапаларын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік дамытушылық технологияларды қолдану мәселелері қарастырылады. Кәсіби және тұлғалық даму шыңы – АКМЕ жетістіктеріне іс-әрекетті үнемі жетілдіріп отыру арқылы қол жеткізуге болады. Мұнда креативті технологиялар және оқыту мен дамыту әдістемесі маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғам дамуы адам қызметінің әртүрлі аймақтарын, соның ішінде білім беруді де қамтитындықтан білім беру кеңістігін жаһандық ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктің бөлшегі деп санауға да болады. Интерактивті оқыту әдістемесінде келесі сұрақтарды ескеру ұсынылады: а) Не істейміз? б) қалай істейміз? в) Қанша уақыт? г) Қай түрде өткіземіз? Барлығы? Шет тілі, соның ішінде ағылшын тілі болашақ мұғалімнің акме-креативті сапаларын қалыптастырудың маңызды бір құралы болады.

**Түйін сөздер:** білім берудің тұлғалық-бағдарлы парадигмасы, ақпараттық және коммуникативтік технологиялар, интерактивті дамыту технологиялары, акме-креативтілік, акме-креативтілік сапаларын қалыптастыру.

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ  
ИНФОРМАЦИОННО-  
КОММУНИКАТИВНЫХ  
И ИНТЕРАКТИВНЫХ  
РАЗВИВАЮЩИХ  
ТЕХНОЛОГИЙ  
В ФОРМИРОВАНИИ  
АКМЕ-КРЕАТИВНЫХ  
КАЧЕСТВ У БУДУЩИХ  
УЧИТЕЛЕЙ  
АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

**Введение**

В настоящее время в Казахстане идет становление новой системы образования. Личностно-ориентированная образовательная парадигма, основанная на приоритете личности, выдвинула на первый план конкретного человека с его неповторимыми индивидуальными чертами, способностями и потребностями. Основу реализации идей новой образовательной теории, в контексте которой развивается педагогическая наука в последние годы, составляет глубокое, всестороннее изучение личности обучаемых, их индивидуально-психологических особенностей и такой важной их составляющей, как формирование акме-креативных качеств, обеспечивающих саморазвитие и самореализацию личности.

**Основная часть**

Актуальной проблемой современности является потребность в постоянном обновлении профессиональных знаний и умений, в креативном саморазвитии, в направленности на достижение высот профессионализма, достижения личности своего «акме».

Президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым определены 100 конкретных шагов для реализации реформы в современных условиях, где обозначена главная цель образования – повышение конкурентоспособности выпускаемых кадров и поэтапный переход на английский язык обучения в системе образования – в общеобразовательной школе и вузах [1].

Совершенно очевидно, в этой ситуации иностранный язык становится одним из значимых средств формирования акме-креативных качеств будущего учителя английского языка, обеспечивающих успешность его педагогической деятельности. Вхождение в современные условия жизни требует динамичного освоения языков мира для их последующего использования в практической деятельности. Социальная значимость овладения будущими учителями английским или несколькими иностранными языками определяется: ценностью языка как средства межкультурного общения и как условия для

реализации личностных планов; профессиональной значимостью применения иностранных языков для самосовершенствования и повышения квалификации.

От качества получаемых знаний зависит уровень формирования акме-креативных качеств будущих учителей, способных работать и развивать экономику страны, содействуя ее устойчивому развитию и реализации Стратегии «Казахстан – 2050» [2].

Полагаем, что эти тенденции окажут существенное влияние на развитие высшего образования, которое будет ориентироваться на становление социально и профессионально активной личности, обладающей высокой акме-креативностью, мобильностью и профессионализмом.

task, it is better use a text familiar to the students or a text that they have already been working with, and retrieve a few important semi-fixed expressions (for example, 5 – 10). After that, the variations of these expressions by changing the slot-fillers are written on the board. In order to make it easier for students, it is more appropriate to them in the same order they appear in the text. If the teacher aims to make this kind of task more challenging, he can mix them up. Then, the students are divided into two groups. Each group gets a different coloured marker. The students should look back through the text and find the original expressions. When they finish, one student from each group comes to the board and writes one of the original slot-filler above the changed one in one of the expressions. Then that student returns to his team and gives the marker to another member, who can continue the task and change another slot-filler. When all the expressions have been changed, the teacher counts how many changes have been made in each colour to determine the winning team.

Exercises relying on corpus data are usually ranked tasks on understanding the linguistic forms, namely allowing to appeal to the often incorrect ideas of students of a foreign language. Observing the lexical, grammatical units, the learner seems to read many texts that promote memorization, assimilation of form, meaning and purpose of speech. The student obtains an opportunity to observe the terms of repetition and variation of linguistic units in different contexts, corpus examples enable analyzing specific lexical and grammatical chains with a large number of words, more general ones, and short phrases as well [3, p. 174].

Professionally relevant aspects of language proficiency can also be developed with the help of the corpus. Methodologists, when considering learning through professional-oriented materials, are also turning to the concept of “scaffolding”. The author of this term, as well as the concept of “scaffolded instruction” (educational support) is considered Jerome Bruner, who described this phenomenon in education as a process of successive productions of pedagogical problems, the implementation of which is facilitated by the use of a number of teaching supports (“scaffolds”) which are eliminated as the students master the educational autonomy of action [10]. This strategy is implemented by means of using the language cliché, terminological dictionary, visualization material, mnemonics, supplying many examples of in a foreign language, which allow the student to implement the tasks independently.

There is a significant difference between simple help of the teacher and alignment of supports. Instead of providing a ready answer the teacher can support the student in finding an answer (for example, on corpus) and thus creates supports using which the student in the future solves such tasks by himself.

The next task is to find the arguments “for” (PROs) and “against” (CONs) the Internet-based education. In this case, the students can be entrusted with the choice of reading texts on the subject, which they find themselves. The texts can also be selected by the teacher. In order to ensure the information gap texts can be different. This activity teaches the students to approach the topics in a carefully “weighted” way and to avoid jumping into hasty and biased conclusions. Moreover, students can be provided the following assignment: *Read the text and write arguments, which were given by the experts on the possibilities of Internet-based education. Write down the expressions and fill in the table.*

**Table 1** – The sample for the information gap filling activity

Arguments the Internet-based education	
Arguments «for»	Arguments «against»

One of the most important types of corpus for the methodology of teaching foreign languages is the so-called corpus of the learner (learner corpus), in which the foreign written and oral speech of the students is stored in a computer in the form of a database and can be analyzed in the learning process by both the learners and their teachers. This type of corpus makes it possible to track the progress in language learning, to identify common errors and gaps in the knowledge of students.

The international learner corpus of English (The International Corpus of Learner English) includes around 2 million of words of written speech of English language learners who are carriers of 19 different languages. Written speech in the corpus is presented in the form of students essays, learning English as a foreign language at an advanced level. The corpus can also be used to control the level of mastering the material. With the help of the corpus not only lexical and grammatical assignments, but also tests and projects can be designed.



## Conclusion

Concluding the above, it should be emphasized that special place in the teaching of foreign languages belongs to different linguistic (specifically marked) corpora. Exactly the corpus technologies are today considered as the basis of innovation in the teaching of foreign languages that is proven in numerous publications. Corpora approach allows to put into practice a differentiated approach to teaching a foreign language. This is the main trend in the frames of professionally-oriented teaching. It is needed to change the approach of using the corpus in the teaching of foreign languages: the corpus must be considered not

only as a reference, available for the students, but also as a means of learning the language.

In this regard, a special role in the implementation of information and computer technologies in teaching foreign languages play multi-purpose and multi-national resources of National corpora. However, for the complete application of the potential of the corpus instruments in teaching a foreign language, and in particular professionally-oriented language it is necessary to create a special, themed buildings, to build a dialogue between the creators of corpora and teachers, to develop teachers' skills of using corpora and help them develop corpora that meet their special needs.

## References

- 1 Rykov V.V. Pragmatically oriented corpus//Tverskoy linguistic meridian. Theoretical compilation / Ed. by Susov I.P. Tver. – 1999. – Vol. 3. – P. 89-96.
- 2 Kolokolnikova M. Y. Discourse analysis and corpus analysis in research in the field of historical lexicology (Proceedings of the University of Saratov. The new series. – A series of Philology. Journalism. – T. 10. – Vol. 2. – P. 3-6)
- 3 Gorina O.G. Psychological principles of foreign language teaching profession on the basis of language corpus / Vestnik of LSU named after A.S. Pushkin. – 2013. – № 2. – P. 172- 179.
- 4 Nagel O. Corpus Linguistics and its use in computerized language teaching / Journal “Language and culture”. – 2008. – №4. – P. 53- 5.
- 5 Plungyan V.A. The corpus as an instrument and as an ideology: Some lessons of the modern corpus linguistics / Russian language in a scientific light. – 2008. – № 2 (16). – P. 7-20.
- 6 Sysoev P.V. Linguistic corpus in the methodology of teaching foreign languages / Journal “Language and Culture”. – 2010. – № 1. – P. 99-111.
- 7 Azimov E.G., Shchukin A.N. New Dictionary of methodological terms and concepts (the theory and practice of language teaching) / E.G. Azimov, A.N. Shchukin. – M.: Publishing house IKAR, 2009. – 448 p.
- 8 Bernadini S. Corpora in the classroom: An overview and some reflections on future developments // Sinclair J.McH. (ed.) How to use corpora in language teaching. – Amsterdam: Benjamins, 2004. – 308 p.
- 9 Biber D., Conrad S., Reppen R. Corpus Linguistics: Investigating language structure and use. – Cambridge: Cambridge Univ. Press, 1998. – 300 p.
- 10 Bruner J. S. The ontogenesis of speech acts // Journal of Child Language. – 2. – S. 1-10. – 1975.





Жұмабекова Ф.Н.  
**«Өзін-өзі тану» пәнін  
интеграциялаудың оқытудағы  
мүмкіндіктері**

Білім беруді дамыту векторы адам мен адамзаттың толыққанды өмір сүруінің басты шарты ретінде алынған руханилықпен анықталатын өмір сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мәселені шешудегі бүгінгі күні оқытушының басты мақсаты – өзіндік рухани-адамгершілік құндылықтарын білім алушының бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір білімгерді жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту мәселесі баяндалған. Осыған орай, білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін оқытудың маңызды мәселелерінің бірі ретінде пәнді интеграциялаудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетудің жолдары қарастырылған. Қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы, еліміздің Бірінші Ханымы Сара Алпысқызы Назарбаева тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесін көтерді. Рухани-адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдығы туралы сөз қозғауда қазіргі замандағы жаһандық мәселелер, адамзаттың жалпы дүниежүзілік тұтастығы мен рухани-адамгершілік құндылықтардың сипаты жан-жақты қарастырылып, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу көзделуде.

**Түйін сөздер:** жалпыадамзаттық құндылық, рухани құндылық, рухани-адамгершілік.

Zhumabekova F.  
**The integration in the teaching of  
the subject «Self-cognition»**

The article describes the progress of the development of modern knowledge and modern science which is the One of the key priorities of Kazakhstan's strategy for joining the ranks of the most developed and competitive countries in the world. Vector for the development of education aimed at ensuring the quality of life that delimit by spirit concept as the main condition for the man and humanity's full-fledged existence. And it detailed that the teacher's today's main purposes for solving this problem which are use a kind of spiritual and moral values to teach for the student, coverage the treasures of the spiritual heart of learners and to improve each student as an individual along with the development of values. In this regard, this article also indicated the educational uncover method of subject integration which is one of the most important issues of teaching «Self – knowledge» subject in educational institutions. In order to meet the needs of society, S.A. Nazarbayeva who is the “Self – knowledge” spiritual and moral education project's author and the First Lady of Kazakhstan raised the issue of the education for the younger generation on the basis of universal human values at the state level for the first time. To talk about the priority of the spiritual and moral education must be well-considered the modern world's global issues, the nature of the world of humanity, the integrity and moral values. And the total value of the human values to be opened. In this regard, this article includes a number of following issues of introduction the «Self – knowledge» subject for the practice of educational institutions. And the importance of spiritual and moral education institutions, organizations for the subject introduction of universal primary education, and integrate this subject with social sciences and natural Sciences subjects, and the possibility of its practice.

**Key words:** discipline “self-cognition”, teaching “Self-cognition”, human values.

Жұмабекова Ф.Н.  
**Возможности интеграции  
в преподавании предмета  
«Самопознание»**

Вектор развития образования как главное условие полноценной жизни человечества направлен на улучшение качества жизни. Сегодня главной целью преподавателя в решении данной проблемы является путем благотворного воздействия на личность учащегося извлечение внутреннего духовного богатства и совершенствование каждого учащегося как уникальной личности. В статье показан воспитательный характер интеграции дисциплины при изучении «Самопознания». В целях удовлетворения потребности общества автор духовно-нравственной образовательной программы «Самопознание», первая леди страны Сара Алпысовна Назарбаева подняла вопрос о воспитании будущего поколения на основе общечеловеческих ценностей. Современные глобальные проблемы, мировое единство человечества и подробное описание духовно-нравственных ценностей используются в раскрытии сущности общечеловеческих ценностей.

**Ключевые слова:** дисциплина «самопознание», преподавание «Самопознания», общечеловеческие ценности.

## «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» ПӘНІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ОҚЫТУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

### Кіріспе

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» – деп атап көрсеткен еді [1].

Қазақстан өзін әлемге аймақтық аумағының кеңдігімен емес, халқының көптігімен де, тіпті алуан түрлі ұлттардың береке бірлігімен ғана емес «білімділігімен» таныта алады. «Халықты-халықпен, адамды-адаммен теңестіретін білім» – деп ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай өркениетке апарар жолдың бастауында әрдайым жоғары білім беру мәселесі тұрады. Жоғары мектептегі білім барша әлем тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. Ал әлемдік қауымдастықтан тәуелсіз Қазақстан тұлғасы биіктеп, ғылыми техникалық прогресс қарыштап дамыған тұста, біздің еліміз үшін сапалы білім, саналы тәрбиемен қатар бүгінгі заман талабына сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған, құзіретті маман дайындау мәселесі маңызды болмақ [2].

Алаштың ардақтысы А. Байтұрсынұлы: «Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін адамгершілік, ізгілік, имандылық тәрбиесін бойына жинаған білімді парасатты ұрпақ тәрбиелеу – біздің борышымыз деп білемін» – дейді [3].

### Негізгі бөлім

Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясының шешуші басымдықтарының бірі – осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беруді дамыту векторы адам мен адамзаттың толыққанды өмір сүруінің басты шарты ретінде алынған руханилықпен анықталатын өмір сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мәселені шешудегі бүгінгі күні оқытушының

басты мақсаты – өзіндік рухани-адамгершілік құндылықтарын білім алушының бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір білімгерді жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Осыған орай, білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін оқытудың маңызды мәселелерінің бірі ретінде пәнді интеграциялаудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетудің жолдарын қарастырамыз.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындауда.

Қоғамның осындай дер кезіндегі қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы, еліміздің Бірінші Ханымы *Сара Алтысқызы* тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесін көтерді. Рухани-адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдығы туралы сөз қозғауда қазіргі замандағы жаһандық мәселелер, адамзаттың жалпы дүниежүзілік тұтастығы мен рухани-адамгершілік құндылықтардың сипаты жан-жақты қарастырылып, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу көзделуде. Осы орайда, өзін-өзі тану пәнін жаппай білім беру ұйымдарына тәжірибеге енгізудегі барқатар төмендегідей көкейкесті мәселелерге тоқталамыз.

*Біріншіден*, білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін жүргізетін мұғалімдердің теориялық білімдерінің жетік болуына баса назар аудару қажет. Атап айтқанда: Рухани-адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдылығы, «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздері, заманауи білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілдемелері, рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негіздері, сабақтан тыс іс-әрекеттер арқылы «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жолдарын жан-жақты меңгеруі тиіс. Сон-

дай-ақ, өзін-өзі тануды оқытудың аксиологиялық аспектілерін, Ақиқат, Сүйспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық және Қиянат жасамау жалпыадамзаттық құндылық ретінде жас ұрпақтың санасына сіңіре білу тәсілдерін меңгеруге ден қою, рухани адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлін жете түсінуі керек.

*Екіншіден* «Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымдық мазмұндық және әдістемелік аспектілеріне талдау жасай отырып, сабақтағы жағымды ойлау, әңгімелеу әдісін терең рухани адамгершілік құндылықтарға бағыттау, ән айту мен музыканың маңызына жан-жақты мән беру. Ата-аналармен байланыс жасау жолдарына баса назар аудару қажет. Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі. Сондықтан оны нығайту керек. Отбасында тыныштық болса үйде тыныштық болады; Үйде тыныштық болса мемлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса әлемде тыныштық болады.

Ата-аналар балаларының алдында өздері беделді болуы керек, жақсы-жаманды ажырата білуге, сүйе білетін балаларды өсіруге; балаларын әрекет етуден бұрын, жақсылап ойланып алуға үйретуі және өздері жақсы үлгі бола білуі тиіс. Үлгілі жақсы отбасының қасиеттерін сақтауды, барлығын сүйе білетін, айнала қоршаған ортасын жақсы көретін, әрқайсысы өз парызын, борышын дұрыс орындайтын, қуанышты жан тыныштығында өмір сүретін отбасында бір бірімен жақсы қарым-қатынас орнату және адамгершілік қағидаларымен өмір сүретін орта қалыптастыру қажет.

*Үшіншіден*, «өзін-өзі тану» пәнінің әлемде теңдесі (аналогы) жоқ пән ретінде Қазақстанның білім беру саласына енгізілгені және рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздерін айқандауда әлемдік рухани-тұлғалардың идеяларына сүйене отырып заманауи ғылымдағы рухани бастауларға баса назар аударылуымен құнды. Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білімнің маңызын түсіне отырып, заманауи білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілдемелерін оқып үйренуде заманауи философияның, психологияның, педагогиканың рухани бастауға қайта оралуына ерекше тоқталуы мәселенің мәнін ашуда теориялық тұрғыдан негізделуінің айғағы деп айтуға болады.

*Төртіншіден*, «Өзін-өзі тану» пәні ұлы ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен маңызды. Атап айтар болсақ: Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әл-Фарабидің «Жан қуаты ілімі», Абайдың «Толық адам», «Имани гүл ілім-

дері», Шәкәрімнің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Абай: «Адам бол!» – деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзінді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге, дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің-қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға ықпал етеді. «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» – дейді. Адамдықты көрсететін қасиеттер мен құндылықтар: жан мен рух, мінез, әрекет, тәжірибе, білім, өнер, кәсіптік икемділік. Абайдың рухани-адамгершілікті өрбітуге байланысты осындай көрсеткіші ақыл мен білім, рухтың тазалығы. Тыныштық қуаты – жүректе, келісім қуаты – қайратты, ерікті, иманды кісінде. Адамның кісілігі: – әсерлі, әдепті, табысты өнерінде. Адамның ең биік қасиеті – Адам бола білу!» – дейді.

Шәкәрім: «Үш анық» атты еңбегінде, адамгершілікті **«ар ілімі»** деп қарастырады. Ар-ұжданнан мазмұнын нысап, әділет, мейірім құрайды дейді, оларды адамшылық ұғымымен байланыстыра келе, рух пен нәпсі, ақыл мен ой, сенім мен махаббат, ақиқат, жүрек жылуы сияқты рухани ілімді талдап берді. Рухтың ұясы – жүрек. Ақыл жүреппен нұрланса, неғұрлым рахымға толы болса, соғұрлым адамды ізгілендіреді. Жүрек жылуынсыз тек қана ақылмен қабылданған білім адамның өзіне де, қоғамға да болашаққа да теріс ықпал етеді. Даму кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші ретінде тәрбие, біліммен қатар қолға алынуы тиіс, яғни білімге адами және рахымдылық сипат беріліп, ақылды жүрек жылуымен нұрландырған жөн дейді [4].

Әлемдік деңгейдегі рухани ұстаздар: Махатма Ганди, Мать Тереза, Мишель Монтень, Ян Амос Комеский, К.Д. Ушинский, И.А. Ильин, С.Л. Рубинштейн, Ш.А. Амонашвили, Януш Корчак т.б идеялары өзін-өзі тану бағдарламасында кеңінен басшылыққа алынған [5].

*Бесіншіден*, өзін-өзі тану пәнін интеграциялау мәселесі қолға алынып, ең алдымен беріліп отырған білімді жандандыру, яғни оның рухани адамгершілік мән-мағынасын айқындау көзделген. Интеграция – бүгінгі таңда адамның ғылыми ойлауын және әлемдік көзқарасын анықтайды. Әртекті бөліктер мен элементтердің бірігуімен байланысты даму деп философиялық сөздікте көрсетілген.

Интеграциялық үдеріс (от лат. *integratio* – біріктіру, қалыпқа келтіру) бірін-бірі толықтыратын, бір-бірімен байланысты жеке ұғымдарды

біртұтас етіп біріктіру. Барлық пәндерді мәңгілік бүкіл адамзаттық құндылықтар негізінде алуан түрлі құбылыстарды бірлікте қарастыра отырып, тұтастай білім беруде жалпы адамзаттық құндылықтардың негізгі түп қазық болуы, яғни берілетін білім біртұтас, жүйелі болуы көзделеді. Интеллектуалды (сыртқы білім ақыл үшін) адам оқу-білім алу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып-білу арқылы (кітаби білім, сыртқы білімді зерттей отырып қол жеткізеді). Рухани-адамгершілік (ішкі білім жүрек үшін) табиғатты аялап, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой-сезіміне әсер етіп, мінез-құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады (ішкі дүниені зерттей отырып, өмірлік мақсатқа жетелейді, интуицияны дамытып, сананы оятады) [6].

Өзін-өзі тану пәнін оқытуда сүйспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін-өзі зерделеуге, өзін-өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасалады. Рухани адамгершілік білім беруді мектептің тұтастай педагогикалық үдерісін интеграциялау арқылы жүзеге асыру қажет. Рухани адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделеді. Өзін-өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін-өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға баса назар аудару қажет. Бүгінгі қоғамда білім беруде *сыртқы білім*: интеллектуалды, сыртқы дүниені зерттейді, кітаби білімге негізделген, қалауларды оятады, дүниеде күн көру үшін қажет деп есептейді, интеллектіні дамытады, ақыл мен тәнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім берудің мақсаты ақпарат берумен шектеледі, интернет жүйесіне жүгініп, аллергия пайда болады. Ал рухани білім берудің яғни, ішкі білімнің маңыздылығы: ішкі рухани-адамгершілік қасиеттерді ашады, адамның, баланың ішкі дүниесін зерттейді, өмірлік тәжірибеге негізделеді, әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгінетіндіктен тәрбиелік ықпалы күшті және өмірлік дағды қалыптастыруда маңызды болмақ. Осыған орай, өзін-өзі тану пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде интеграциялануы білім беру мен тәрбиені біртұтас, әр тарауы, әр тақырыбы бойынша болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгерші-



лік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, адамгершілік қағидалары мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын болашақ педагогтің тұлғасын қалыптастыруға бағытталған мазмұн ұсынылғандығымен құнды. Болашақ ұстаз оны тәжірибеде тиімді пайдаланып, өзінің игерген сапалық деңгейін екінші білім беру ұйымдарындағы сапалық деңгейге көтеруге ықпал ете алуы тиіс және басқа да пәндермен интеграциялау арқылы білім берудің тиімділігі дәлелденуде [6].

«Өзін-өзі тану пәнін басқа пәнмен интеграциялау» тақырыбы қазіргі кездегі өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өзін-өзі тану пәнін интеграциялауда Еуразия ұлттық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті және информатикалық білім беру мамандықтарының студенттерімен өткізілген сабақтарда кез келген гуманитарлық және жаратылыс тану пәндерін сабақ кездерінде интеграциялау сабақтан тыс уақыттардағы іс-шараларда пайдаланудың тиімді жолдарына студенттер өз тәжірибелері арқылы төмендегідей дәйекті дәлелдермен мысалдар келтірді.

**Қазақ әдебиеті пәні:** Балаларға Алдар көсе және Қожанасыр аңыздарын оқыту арқылы олардың бойында адамдық ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге, адамгершілікке, адалдыққа баули аламыз. Әлсіздерді қорғап, зұлымдыққа қарсы әрекет жасауға үйретеміз.

**Астрономия пәні:** Ай мен Күн бар адамзатқа, тірі организмге ортақ. Күн барлығына бірдей шапағаты мен нұрын төксе, Ай бәріне бірдей жарығын түсіреді. Сол сияқты, жақсы адамның да жан-жағына, айналасындағы қоршаған жандарға таратар шапағаты мен төгер нұры бәріне ортақ, бәріне бірдей тең. Ол ешқашан ешкімді бөліп жармайды немесе адамдарды таңдамайды. Жай ғана бәрін бірдей жақсылығы мен мейірімділігіне бөлеп жүреді. Сондықтан біз жақсы адамдарды Күнге немесе Айға теңейміз.

**Химия пәні:** Атом дегеніміз химиялық жолмен бөлінбейтін бөлшек. Адамгершілік тұрғыда: атомды рухпен салыстыруға болады, Рух «рухани бастаудың» қайнар көзі. Рухы мықты адам барлық қиыншылықтарға төтеп бере алады. Өмірде өзінің жолын табады. Қандай да бір қиыншылық болмасын адам сол қиыншылықты қалайда жеңуге әрекет етуі керек. Қиыншылыққа соншама ауқымды, ұзақ үдерісін ретінде қарамау керек, ол өткінші, уақытша нәрсе деп қабылдау қажет. Адамның рухты болуы ең жақ-

сы қасиеттерінің бірі деп санаймын. Рухың биік болса алынбайтын асу жоқ.

Өзін-өзі тану пәнін интеграциялауда металдардың қасиеттерін атай отырып, оның адамның мінез-құлқымен байланысы жайлы, мысалы, «сабыр түбі сары алтын – сабырлының бәрі алтын» дей отырып жақсы мінезді адам болуға оқушыларды баулу, судың қасиетін, адам өміріндегі маңызын, ғалымдардың судың ақпаратты тасымалдағыш қасиеті, яғни, жағымды ойдың, сөздің судың құрамына қалай әсер ететіні, оның адамға әсері туралы ғылыми деректерді ұсынуға болады. Жаһандық мәселелерді шешудің жолын қарастыру, жүзеге асыруда оқушыларға қажетті білім, тұлғалық даярлық, оның ішінде алған білімді өмірде пайдалану туралы ой бөлісуге болады. Менделеевтің периодтық кестесінде қанша элемент болса, әрқайсының өзіне тән ерекшелігі, өзіне тән қасиеті бар. Кестедегі элементтер өмірде қандай пайдалы болса, адамзаттың баласы да өмірден өз орнын табуға лайықты. Алайда, бәріне ортақ міндет белгілі бір мөлшерде пайда әкелу. Сол сияқты, адамдардың да мінез-құлқы, өмірге деген көзқарасы әртүрлі болады. Бірақ, сапалы білім алып, елімізге өз пайдамызды тигізу баршамазға ортақ міндет.

**Математика пәні:** Қосу және азайту жай ғана арифметикалық таңбалар. Егер сандарды бір-біріне қоссақ, олар көбейеді. Ал азайтсақ сандар азаяды. Сол сияқты, егер біз бір-бірімізбен қосылып, әрдайым бірге болсақ және неғұрлым жанымызда жақын жандарымыз көп болса, біз бірлік пен татулықтың арқасында көп нәрсеге қол жеткізе аламыз. Ал егер бір-бірімізден ажырап, кез келген нәрсе үшін айырыла беретін болсақ, біз ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан, бір-бірімізді азайтып алмай, керісінше жанымызға жақсы адамдарды қосып жүруіміз керек.

**Экология пәні:** Егер өсімдікке қамқорлықпен қарап, оны әрдайым баптап күтіп, түрлі зиянкестерден қорғап, қажет мөлшерде сумен қамтамасыз етіп тұрсақ, ол, әрине, жайқалып, әдемі болып өседі. Дәл сол сияқты, балаға да жастайынан дұрыс тәрбие беріп, оған қамқорлықпен, мейіріммен қарауымыз керек. Сонда ғана көркем мінезді, адал және ел ертенін ойлар ұрпақ тәрбиелей аламыз.

**География пәні:** Мұхит, өзен, жер асты сулары, мұздықтар мен атмосферадағы су булары – жердің гидросфера қабатын құрайды. Судың негізгі қорын мұхит пен теңіз сулары алып жатыр. Құрлықтағы сулар тұщы болып келеді. Су – түссіз, мөлдір, иісі-дәмі жоқ, ұдайы ағып жа-

тады. Судың тірі организмдер үшін маңызы зор. Ол болмаса тіршілікте жоқ. «Су – өмір көзі», су – жанға сұлулық береді, көңілінді көтереді, тазалық көзі, шынығу көзі, су – тағам, табиғатқа сән, өмірге мән береді. Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын, адамға қорек нәр беретін байлық көзінің бірі – су. Бүгінгі таңда, өзен, көл, теңіз жағалауларының, арық жағасының таза болмауы адамдардан суға тиіп отырған зияндық. Одан су ластанады, таза су ішпеген, таза суда шомылмаған халық наукастанады. «Судың да сұрауы бар» дегендей, суды үнемдеу, су жағалауларын таза ұстау, қамқорлық жасап, денсаулығымызды сақтау өз қолымызда екендігін естен шығармау қажет. Судың қасиеттері қаншалықты көп болса, адам бойында соншалықты адамгершілік қасиеттер мен құндылықтар көп болады. Әрбір қазақтың дүниетанымы – рухани байлықпен тығыз байланысты. Кез келген дүниені рухани санаға салып ой елегінен өткізу арқылы жағымды мінез-құлық, жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіреміз.

**Физика пәні:** «Термодинамиканың» табиғаттағы қайтымсыздық заңдылығын қазақтың мақал-мәтелдерімен келтіруге болады «айтылған сөз-атылған оқ». Физика ғылымындағы Бүкіләлемдік тартылыс заңын «Сендік қуат мың есе артық Жердің тарту күшінен...» деген өлең шумақтарымен жеткізуге болады. Сол сияқты альфа, бетта, гамма сияқты өткір сәулелерді «сөз – сүйектен өтеді» деп тұжырымдап, химиядағы сынап дейтін өте тұрақсыз затты «сынаптай сырғыған уақыт» деген әдемі сөз тіркестерімен салыстыруға болады. Алтын – ең салмақты қымбат металл. Ал оның ешқашан тот баспайтындығын білеміз. Мінеки, сол сияқты «жақсы адамның да ешқашан жақсы ойлауының арқасында оған жамандық жуымайтынын білеміз». Осылайша өзін-өзі тану пәнін интеграциялау арқылы оқушылар, студенттер рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға, бүгінгі таңда өмір сүрудің алгоритмін жасай білуге үйренеді, өмірлік дағды қалыптастырады. Өзіне-өзі, қоршаған ортаға, кеңістікке, өзгерістер мен жаңалыққа жаршы, жанашыр және оны өздері жасай алуға ұмтылады. Жеке адамның адамгершілік-рухани қасиетінің өзге нәрселердің қай-қайсысынан да артық екендігіне сенімді болады, өзге адамдармен қарым-қатынас жасауда адамгершілік ұстанымдары мен руханилық этномәдени өлшемдеріне сүйену шеберлігін қалыптастырады, өз ойы мен сезімін еркін білдіруге, өзгелермен қоғамдаса өмір сүруге: түйіні қиын шиеленісті жағдайлардан дұрыс

жол табуға, зиянды, қауіпті құмарлықтан бойын аулақ ұстауға, жауапты шешім қабылдай білуге әрекет етеді. Өзін-өзі бағалауға, жетілдіруге, өз өмірін жақсартуға деген қабілетін оятуға, ең алдымен өзін-өзі тану негізінде өзі туралы білімін қалыптастыруға, студенттердің үнемі белсенді қарым-қатынаста болатындығы арқылы олар өзінің ішкі ойларын, көзқарасын айта алуға дағдыланады, өзін-өзі тануға, өзін-өзі жеңуге және өзін-өзі өзгертуге дайын және қабілетті болады, даралық, дербестік, өзіндік пікір қалыптастыруы ықпал етіп, өзіңді де өзгені де құрметтей білуге үйренеді.

**Информатикалық білім беру.** Информатика – ХХІ ғасырдың қарқынды дамушы жас ғылымы. Ақпараттық технологияларды бүгінде күнделікті қолданамыз, онсыз өмір сүретін адамдарды кездестіру ықтималдығы өте төмен. Сондықтан да бүгінгі таңда мектеп оқушыларының да көңілдері ауып отырған мамандық болып жүр. Оқушылардың миын ақпараттық технологияның шым-шытырық дүниелерімен шатастыра бермей, рухани білім беретін өзін-өзі тану пәнімен жиі интеграция жасап, балаларды алған білімдерін ізгілендіруге керек.

Информатика пәні мен өзін-өзі тануды интеграциялаудың бір әдісі: қазіргі таңдағы ақпараттық технологияның ең үлкен жетістігі құлтемірлер (робот) мен адамдардың айырмашылығын түсіндіру. Яғни, адам мен құлтемірдің айырмашылығы: құлтемір тек сыртқы басқарулар мен бұйрықтардың көмегімен ғана іс-әрекетін жүзеге асырады, ал адамдар өз ақылдарымен ойланып, жүректеріне салып іс-әрекеттер жасайды. Құлтемірлердің жүрегі жоқ, ненің жақсы, ненің жаман екенін ажырата білмейді, ал адамдар жұдырықтай жүрегіне құлақ асып іс-әрекет жасаса қаншама ізгіліктер жасалар еді. Екінші бір тәсіл: қаншама қосымшаларды, бағдарламаларды жазарда бар мүмкіншілігімізді пайдаланып, жақсы жұмыс істейтіндей, көптеген қызметтерді атқарып, адамдарға ұнайтындай ыңғайлы етіп жасауға тырысамыз. Енді дәл осы бағдарлама сияқты өзіміздің мінез-құлық, сөйлеу сөздерімізді барынша дұрыстасак, байытсак, көркейтсек керемет бағдарламалар сияқты жанымыздағы жандарға қаншама көмегіміз тиері сөзсіз.

Біз компьютердегі операциялық жүйені жаңартып (обновление) тұрғандай адамның да миындағы қажетсіз ақпараттардан арылып, рухани жан дүниені тазартып тұру қажет. Жанның толығы тек рухани жолмен ғана іске асады. Оның қасиеттері жетілу барысында білінеді. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемел

келеді. Абай атамыз тәнді жан билеу керек екенін айтады. Біз өмір сүріп жатқан дүние жақсылық пен жамандық, арлы, намыстылық пен арсыздық, намыссыздық, сұлулық пен көріксіздік, мейірімділік пен қатігездік, адалдық пен харамдық тәрізді бір-біріне қарама-қайшылықтардан тұрады. Әркімнің рухани байлығы оның ісінен, мінез-құлқынан, адамдармен қарым-қатынасынан, өмір сүру салтынан, ағайын, еңбек ұжымы, ел алдындағы абырой, сый-құрметінен айқын көрінеді. Жан тәнді нәзік болмыс арқылы билейді. Сондықтан жан неғұрлым таза болса, адамның іс-әрекетіде соғұрлым саналы болып келеді. Бұл адам өмірін мазмұнды етіп, бақытқа бөлейді деген ойдамын.

### Қорытынды

Ойымызды қорытындылай келе, білім беру ұйымдарында барлық пәндерді оқытуды олар-

дың мазмұнын рухани тәрбиемен сабақтастыра, интеграциялап оқытудың маңызы зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл пәнді оқу арқылы адам өзінің мінез-құлқы мен қоршаған ортаға қарым-қатынасын жақсы жаққа қарай өзгерте алады. Сол арқылы өзгені де өз арнасына тарта алады. Әлемде болып жатқан барлық жақсылыққа жаршы бола алады. Ал ол жақсылықты жасаған адам қалған мың адамға үлгі болады. Өзін-өзі тану жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы барлық пәндермен тығыз байланысты интеграциялап өткізудің тәрбиелік, тағылымдық маңызы зор. Білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін интеграциялау арқылы ақиқатқа жетуде риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етуге, дұрыс іс-әрекет жасауға баса назар аударатын болса жас ұрпаққа тағылымды тәрбие, үлгілі өнеге беруге болатыны, өзін-өзі тәрбиелей отырып жүрегінде ішкі тыныштық орнату арқылы ешкімге, ешқашанда қиянат жасамауға үйрету басты ұстаным болып қалады.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана, 2014.
- 2 Дәдебаев Ж.М. Әуезов. – Алматы, 1991.
- 3 Тарихи тұлғалар / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
- 4 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавания дисциплины «Самопознание» в школе: учебно-методическое пособие для учителей. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013. – 129 с.
- 5 «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы». Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. – Алматы, 2012.
- 6 Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. «Самопознание» и другие учебные предметы. Возможности интеграции содержания методов: учебно-методическое пособие для учителей. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013. – 96 с.

### References

- 1 The President of the Republic of Kazakhstan – Nursultan Nazarbaev’s statement to the People of Kazakhstan «Nurle\_jol – Path to the Future». – Astana, 2014.
- 2 Dadebayev J.M., Auezov. – Almaty, 1991.
- 3 Historical figures. The majority of cognitive edition. For school – age students and the general public. Compiled by: Togetbaev B. Sujikova A. – Almaty. «Book publishing of Almaty», 2009.
- 4 Mukajanova R.A., Omarova G.A. Methods of labor education discipline «Self – knowledge» at school. Teaching aids for teachers. – Almaty, ННПООЦ «Bobek», 2013. – 129 с.
- 5 «Self – knowledge»: «The pedagogy of love and creation». International pedagogy training materials. – Almaty, 2012
- 6 Mukajanova R.A., Omarova G.A. «Self – knowledge» and other subjects. Teaching aids for teachers. NC «Bobek», 2013. – 96 с



Салыбекова Н.Н.,  
Кужантаева Ж.Ж.,  
Сержанова А.Е., Бабаева Г.А.

**Биология мамандығы  
студенттерінің ғылыми  
ізденушілігін арттырудың  
әдістері**

Мақалада жаратылыстану бағыты білімгерлерін ғылымға баулу мақсатында жоғары педагогикалық оқу орындарында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдері берілген. «Көкөністерді зардаптайтын саңырауқұлақтардың биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының барысы мен зерттеу жұмысының ұйымдастырылу кезеңдері көрсетілген. Алматы облысы Қарасай ауданы Қайнар елді мекені көкөніс сақтау қоймасынан көктемде көкөністердің зардапталған бөліктері мен тұқымын жинап, зардаптаушы саңырауқұлақ түрлерін анықтап зерттеу жұмыстары жүргізілді. Саңырауқұлақ түрлерінің морфологиялық ерекшеліктері анықталып, микроскопиялық талдаулар жасалды. Зерттеу жұмысының барысында білімгерлерге арналған алдыңғы қатарлы жетекші мектептердің ғылыми зерттеудің спецификасы туралы жалпы көзқарасын қалыптастыру мақсатында олардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру кезеңдері талданды. Жүргізілген зерттеу жұмыстары болашақ мамандардың ғылыми білімін дамыту, зерттеу жүргізу әдістерін меңгеру сонымен қатар оқыту үдерісі мен ғылыми зерттеу жұмыстарын байланыстыру арқылы білім сапасын арттыруға негізделген.

**Түйін сөздер:** жаратылыстану ғылымдары, Multi-week project, ғылыми зерттеу жұмысы, саңырауқұлақ түрлері, *Allium cepa* L., *Daucus carota* L.

Salybekova N.N.,  
Kuzhantayeva Zh.Zh.,  
Serzhanova A.E., Babayeva G.A.

**Methods to improve the quality  
of scientific research by students  
of the specialty «Biology»**

The article shows the main periods of research work carried out in the higher educational institutions in order to develop an interest in science among students in the field of natural science. Scientific specified period organization of work and direction of scientific research on the theme: "Study of bioecological features of fungi affecting vegetable crops." Conduct research to determine species of fungi that cause damage to vegetables and their seeds were harvested in the spring and part of the damaged vegetables in the vegetable store in the village Kaynar Karasai district of Almaty region. Work has been done to determine the morphological features of fungi and microscopical analyzes. The analysis period, the organization of research work in order to build consensus about the specifics of scientific research at the leading progressive schools in the course of research. Conducting research based on improving the quality of education, by joining research projects with the process of learning through the development of research methods and scientific knowledge on the development of future spetsiality.

**Key words:** natural sciences, Multi-week project, scientific research work, types of fungi, *Allium cepa* L., *Daucus carota* L.

Салыбекова Н.Н.,  
Кужантаева Ж.Ж.,  
Сержанова А.Е., Бабаева Г.А.

**Методы повышения качества  
научного поиска студентов  
специальности «Биология»**

В статье указаны основные периоды научно-исследовательских работ, проводимых в высших педагогических учебных заведениях в целях развития интереса к науке у студентов в сфере естествознания. Указаны периоды организации исследовательской работы и направление научно-исследовательской работы по теме «Исследование биоэкологических особенностей грибов, поражающих овощные культуры». Проводилась исследовательская работа по определению видов грибов, которые причиняют вред овощам, а также весной собирали их семена и части поврежденных овощей в овощехранилище в селе Кайнар Карасайского района Алматинской области. Была проведена работа по определению морфологических особенностей грибов и микроскопические анализы. Осуществлен анализ периода организации исследовательской работы в целях формирования общего мнения о специфике научного исследования у ведущих передовых школ в ходе исследовательской работы. Проведенные исследовательские работы основаны на повышении качества образования посредством соединения научно-исследовательских работ с процессом обучения с помощью освоения метода проведения исследования и на развитии научного знания у будущих специалистов.

**Ключевые слова:** естественные науки, Multi-week project, научно-исследовательская работа, виды грибов, *Allium cepa* L., *Daucus carota* L.



**БИОЛОГИЯ  
МАМАНДЫҒЫ  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҒЫЛЫМИ  
ІЗДЕНУШІЛІГІН  
АРТТЫРУДЫҢ  
ӘДІСТЕРІ**

**Кіріспе**

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары білімді еуропалық аймаққа бірігуді қамтамасыз ету, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды даярлау мәселелері баяндалған [1].

Қазіргі таңда техника мен технологияның жоғары қарқындылықпен дамып, қоғамда ақпараттық көздің жетілген кезеңінде бастамашыл (инициативті), шығармашыл, өздігінен еңбек шарты өзгерісіне бейімделген және біліктілігін жетілдіруге, тез шешім шығаруға қабілетті тұлға дайындау қажет.

Аталған қасиеттерге ие маман дайындау үшін оқу үрдісін ұйымдастыруда ғылымның қазіргі жетістіктерін, ғылым, техника мен технология салаларындағы өзгерістерді көрсететін білім берудің барлық қырларының жүйелі жаңаруын ескере отырып жүргізілуі керек.

Сонымен қатар, әлемдік өркениетте әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкес білімділік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту үшін, ең алдымен оның жеке түйінді құзыреттілігіне негізделген студенттің дарындылық, ғылыми зерттеу жұмыстарында қабілеттерін анықтай отырып, тәрбиелеу айқындалып отыр.

**Негізгі бөлім**

Жаратылыстану ғылымы мамандықтарының студенттерді ғылыми зерттеуге даярлаудың, ғылыми зерттеу нәтижелерін оқыта отырып, педагогикалық біліктілік шеңберін қалыптастыру мәселелері А.Я. Коменский (1989), А. Дистерверг (1971), И.И. Пестолоцкий (1963), Ж.Ж. Руссо (1979), К.Д. Ушинский (1867) еңбектерінен бастау алған.

Студенттерге тиянақты да, сапалы білім беру ол ізденіс арқылы, студенттің құштарлығы мен қызығушылығы арқылы, сабақта жаңашылдық әдістерді пайдалану арқылы студенттерді өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру. Ғылыми жұмыс жазу барысында студенттің бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, проблема-

ны тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыру керек.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары мен міндеттері:

- студенттердің кәсіби-шығармашылық дайындық деңгейін көтеру, жастарды ғылыми зерттеулерге тарту формаларын жетілдіру;

- өзекті мәселелер мен ғылымның басым міндеттерін шешуде студенттердің шығармашылық әлеуетін қолдану;

- студенттердің ғылыми шығармашылығының түрлі формасын дамытуға ұйымдастырушылық, әдістемелік, материалды-техникалық жағдай жасау;

- болашақ ғалым мен маманның жоғары кәсіби және белсенді шығармашыл тұлғасын қалыптастыруға қажетті жағдай тудыру;

- білім беру үдерісі мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің интеграциялануын қамтамасыз ету;

- университет профессор-оқытушылар құрамының студенттер ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру және жетекшілік жасау қабілеттілігі мен ғылыми-шығармашылық белсенділігін дамыту.

Білімгерлерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту оқу курстарына қарай әртүрлі деңгейде жүргізілуі мүмкін. Мысалы, бірінші және екінші курстарда бүтін және негізгі жұмыстардың жиынтығы мен жалпы ғылыми дайындық жасаудағы жаңашылдықпен, ғылыми жұмысты орындау қабілеті мен қарапайымдылығымен, өз қабілеті мен ғылыми жұмысты орындалуға негізделуі тиіс. Мұнда рефераттық жұмыстар мен лабораториялық жұмыстар шеңберінде орындалатын ғылыми зерттеу жұмыстары. Ал үшінші курста жалпы ғылыми және арнайы дайындықтар бойынша көлемі үлкен емес өзіндік ғылыми жұмыстардың орындалуы және шығармашылық негіздегі тапсырмалар, жаңашыл ғылыми зерттеулерді негіздеу, зерттеу әдістерін тереңдету, техникалық зерттеу құрал жабдықтар негізінде ғылыми зерттеулер жасау және нәтижесін шығару. Бұл деңгейде міндетті түрде оқу орнының ішінде өткізілетін конференциялар, ғылыми жұмыстар негізінде өткізілетін жарыстар, ғылыми зерттеу жұмыстарының тапсырмалары мен түрлерінің қиындауы, ауқымының кеңейуі секілді жұмыстармен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұнда жұмыс айқындала түседі. Мазмұнды шығармашылық сипат алады. Жоғарғы курстарда білімді, дағдыны ары қарай қалыптастыру, жетілдіру, бекіту, шығармашылық ойлауды дамыту және нақты міндеттерді шешуге, өз бетінше шешім қабылдауға оны жүзеге асыруға үйрену, алын-

ған білімді тәрбиеде пайдалану, жеке тапсырмалар бойынша студенттердің өз бетінше ғылыми зерттеу жұмысы үдерісінде жүргізіледі. Сондықтан олар барлық деңгейдегі конференцияларға, байқауларға қатысу, институт қызметкерлерінің жетекшілігімен ҒЗЖ жүргізу, диплом жұмыстарының байқауына қатысуы керек [2].

Бұдан басқа ғылыммен айналысатын студенттердің соңғы курстарда оқытушылар мен қызметкерлердің жетекшілігімен студенттердің шығармашылық ұжымы жоғары оқу орынындағы лабораториялары мен өндірістерде зерттеумен, жобалау-конструкторлық талдамалармен айналысатын, оның ішінде кешенді дипломдық және курстық жобаларды орындаумен, кейін нәтижесі қызығушылық танытқан өндірістерге енгізетін ғылыми-техникалық топтарға қатысуы міндетті болып саналады. Бұл студенттерге нақты міндеттер мен олардың шешімін, жобасын жасауға және өздерінің ұсыныстарын тәжірибеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді [3].

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы есеп берумен, студенттердің ғылыми-практикалық конференциясында баяндама жасаумен, курстық жұмыс жазу сияқты қорытындылармен аяқталады.

Студенттердің сабақтан тыс уақытта табысты оқу бағдарламасының талаптарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары курстық, лабораториялық, дипломдық жобаларда орындалуы мүмкін.

### Зерттеу объектілері мен әдістері

Далалық егістік материалдары негізінде «Көкөністерді зардаптайтын саңырауқұлақтардың биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының барысы.

